

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Педагогика және психология факультетінің докторанты С.С. Чункенованың 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі таңда болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке даярлау ісі қоғамның дамуымен тікелей байланысты үлкен әлеуметтік сұраныстарды қанағаттандыруда. Бұл бағытта жоғары оқу орындарының психологиялық және педагогикалық аспектілері айтарлықтай прогреске бет алуда. Аталған үрдіс психологиялық-педагогикалық мамандықтардың жүйелі зерттелуімен, заманауи әдіснамалық көзқарастардың қалыптасуымен, педагогикалық құбылыстардың кәсібилікпен және нақты қызметпен байланысының айқындалуымен, сондай-ақ кәсіби іс-әрекет мәселесінің әлемдік деңгейде қарастырылуымен ерекшеленеді. Мұның барлығы кәсіби және тұлғалық сипаттардың үйлесімді қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы ретте, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да білім беру жүйесінің негізгі міндеттері нақты көрсетілген. Атап айтқанда, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру жүйесін дамыту қажеттілігі баса айтылған. Бұл өз кезегінде оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, инновациялық технологияларды тиімді қолдана алатын, шығармашыл, бәсекеге қабілетті жаңа формациядағы мамандарды даярлау міндетін алға қояды.

Қазіргі білім беру кеңістігінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісі тек кәсіби білім мен іскерлік дағдыларды меңгертумен шектелмей, оның тұлғалық болмысын қалыптастырумен тікелей байланыста қарастырылады. Жаһандану жағдайындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер мен білім беруді гуманизациялау талаптары болашақ педагогтың адамгершілік, рухани-мәдени, креативті және бейімделгіш қасиеттерін дамыту қажеттілігін өзектендіреді. Осы орайда, болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығы оның ішкі әлеуетін тануға, өзіндік кәсіби жолын саналы түрде қалыптастыруға, заманауи білім беру ортасына икемделе алатын көпқырлы тұлға ретінде жетілуіне бағытталуы тиіс.

ЖОО мақсаты ретінде реформа жағдайында өзіндік өмірлік және кәсіби траекториясын таба алатын, ішкі мүмкіндіктерін мейлінше кең дәрежеде таныта алатын мамандарды қалыптастыруды айта аламыз.

Сол себепті ЖОО болашақ маманның кәсіби қызметінің алдындағы шешім қабылдағыш, белсенді, бастамашыл болуын қамтамасыз ететін баспалдағы болғанымен, болашақ педагогтардың тұлғалық болмысын

қалыптастыру мәселесіннің терең зерделенбеуінен өзекті мәселеге айналып отыр.

Зерттеу нәтижелері ғылыми-әдістемелік негіздерді басшылыққа ала отырып айқындалған теориялық дәйектілігімен, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануымен, зерттеу жұмысының ғылыми аппаратына сәйкестігімен ерекшеленді. Мектеп мұғалімдері мен ЖОО-да білім алушы жастарды кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға негізделген модель ұсынылып, педагогикалық тәжірибеде пайдалануға арналған әдістемелік нұсқаулықтың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, оң нәтижелер көрсетті.

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына қатысты теориялық және әдістемелік мәселелер толық қамтылған және зерттеу жұмысына қойылатын барлық талаптар сақталып жазылған. Ғылыми мазмұндылығы мен техникалық талаптар толық сақталған.

Қорыта келе, Чункенова Сымбат Сабитовнаның 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы дербес орындалған, толығымен аяқталған, диссертациялық ғылыми жұмысқа қойылатын барлық талаптарға сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын. Ал, Чункенова Сымбат Сабитовнаны 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп қорытынды жасаймын.


Отандық кеңесші:

І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті, педагогика
ғылымдарының докторы
профессор



[Handwritten signature]

К.Т. Ыбыраимжанов



[Handwritten signature]